

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗЕНДЕРІ МЕН КӨЛДЕРІ

Орындаған : Абишева К.

А.

Тексерген: Оралова Г.М.

Қазақстан өзендерін ұзындығы бойынша топтасақ, онда 85 022 өзеннің ішінде 84 694-і шағын (ұзындығы 100 км-ге дейін), 305-і орташа (500 км-ге дейін) және 23-і ірі (500-1000 км-ден астам өзендер) қатарына жатады. Республиканың шығысындағы Алтай, оңтүстік-шығысындағы Жетісу және Іле Алатаулары ылғалы мол таулы өңірлердегі өзен торының жиілігі. Қазақстандағы ең суы мол өзен – Ертіс. Оның республика жеріндегі ұзындығы – 1700 км болса, жалпы ұзындығы – 4248 км. Жоғары бөлігіндегі ағыны екі ірі су электр станцияларымен (Бұқтырма және Өскемен) реттелген. Өзен суының біраз бөлігі Ертіс-Қарғанды каналы арқылы Орталық Қазақстанға бұрылған.

Өзенде

р





Ұзындығы жөнінен республикадағы **екінші өзен – Сырдария**.

Қазақстандағы ұзындығы – 1400 км, ал жалпы ұзындығы – 2219 км-ді құрайды. Егін суару мақсатында қарқынды пайдалануының себебінен ағыны кейбір жылдары Аралға жетпей тартылып қалады.



Балқаш көлі
алабындағы ірі өзен
- Іленің республика
шегіндегі ұзындығы
– 815 км, жалпы
ұзындығы – 1001 км.
Оның ірі
салаларының бірі
Шілік өзенінен
бастап, Шамалған
өзеніне дейін
ұзындығы – 200 км-ге
жуық Үлкен Алматы
каналы салынған.



Батыс Қазақстан жерін негізінен Жайық өзені суландырады. Ол республика жерінен тыс, яғни Оңтүстік Оралдан басталады. Қазақстандағы ұзындығы – 1082 км, жалпы ұзындығы – 2428

км қатарына Ірі өзендер сонымен бірге *Есіл, Тобыл, Елек, Шу, Торғай, Ырғыз, Сарысу, Нұра, Талас, Ойыл, Жем* т.б. өзендері жатады.

Бірақ, бұлардың кейбіреуінің деңгейі жазда тым төмендеп, кейбіреуі мүлдем тартылып қалады, ал көктемде қар суымен толысып, тасиды.

Көлде

Елімізде көлдердің саны 48 мыңнан асады. Ел аумағындағы ең ірі көл – Арал теңізі. Аумағы жағынан бұдан кейінгі орындарда Балқаш, Зайсан, Алакөл мен Теңіз көлдері тұр.

Қазақстанда көлдермен қатар, табиғи әрі жасанды көлшіктер, суқоймалар мен тоғандар бар. 12 ірі суқойманың жалпы ауданы 8816 шаршы шақырымды құрайды. Ең ірісі – Шығыс Қазақстан облысындағы Бұқтырма суқоймасы. Қазақстан аумағындағы өзендердің саны 8500-ге жуық.



Арал теңізі

- Қазақстан мен Өзбекс
тан шекарасында
орналасқан сутоған.

Теңіз XX

ғасырда ауданы
жағынан (68 мың
км²) әлемде төртінші
орында болған
болатын,

бірақ 1960 жылдардан
бастап

теңіздің суы азайып
келеді.



Балқаш — Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы тұйық көл.

Аумағы жөнінен Каспий, Арал теңіздерінен кейінгі үшінші орында. Алматы, Жамбыл, Қарағанды облыстарының шегінде, Балқаш-Алакөл ойысында, теңіз деңгейінен 340 м биіктікте жатыр.

Ауданы құбылмалы: 17 – 22 мың км², ұзындығы 600 км-ден астам, ені шығыс бөлігінде 9 – 19 км, батыс бөлігінде 74 км-ге жетеді.



Зайсан

көлі - Қазақстанның көлдерінің Оңтүстік

Алтай және Сауыр, Тарбағатай жоталары арасындағы тектоникалық ойыста жатқан тұщы көл. Көл теңіз деңгейінен 395 м биіктікте. Жағалауы жайпақ. Көл айдынының аумағы 1788 км², ұзындығы 111 км, ені 30 км, орташа тереңдігі 4 – 6 м (ең терең жері 10 м) болатын